

Бекітемін
№69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚҚ
менгерушісі

Ахметова М.К.

Астана қаласы әкімдігінің
№69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚҚ-н
Косымша ақылы қызметтер туралы
Ережесі

1. Жалпы ереже

1.1. Бұл ереже КР Азаматтық кодексіне, КР «Білім туралы» Занына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметтің үлгілік қағидаларына», Астана қаласы әкімдігінің № 69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚҚ Жарғысына, білім беру саласында қызмет ететін басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес әзіленген. Ереже косымша ақылы қызметтерді ұйымдастыру ережесін реттейді (бұдан әрі ҚАҚ).

1.2. Астана қаласы әкімдігінің № 69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚҚ (бұдан әрі мәтінге сай №69 «Еркем-ай» б/б) косымша ақылы қызметтерді келесі мақсатта көрсетеді:

- №69 «Еркем-ай» б/б-н Стратегиялық даму Жоспарын іске асырудың тұтастығы мен толықтығын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушінің білім, шығармашылық, денелік қажеттіліктерін және ата-ананың сұранысын қанағаттандыру;
- №69 «Еркем-ай» б/б-н бюджет тапшылығын ішінәра жабу және пәндік-дамыту ортасын жақсарту;
- №69 «Еркем-ай» б/б-н қызметкерлерін материалдық ынталандыру; ҚАҚ көрсетуден алынған қаражат есебінен қызметкерлердің іссапар шығындары мен косымша жұмыс жүктемесін төлеу.

1.3. №69 «Еркем-ай» б/б ҚАҚ: тиісті бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру іс-шараларының (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаса және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпығ міндетті стандарты шенберінде) орнына көрсетілмейді және бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

1.4. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Занына сәйкес, ҚАҚ қызмет алушы келісімімен көрсетіледі. Қызмет алушының косымша қызметтерді көрсетуден бас тартуы оған көрсетілетін негізгі қызметтер көлемінің төмендеуіне негіз бола алмайды.

1.5. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- *Тапсырыс беруші* - тапсырыс беруге немесе қызметтерге тапсырыс беруге ниетті жеке тұлғалар. Бұл жағдайда – ата-аналар (баланың занды өкілдері) немесе оларды алмастыратын тұлғалар.
- *Тұтынушы* – жеке қажеттілігі үшін қызмет алатын жеке тұлғалар. Бұл жағдайда тәрбиеленушілер.
- *Қызмет* - еңбек катынастары негізінде жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, азаматтың немесе занды тұлғаның басқа адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызметі.
- *Орындаушы* – келісім-шарт негізінде косымша ақылы қызмет көрсететін №69 «Еркем-ай» балабақшасы.

2. Косымша ақылы қызмет тізімі

2.1. №69 «Еркем-ай» б/б Жарғыга сәйкес, келесі қосымша ақылы қызметтерді жүзеге асыра алады:

- мектепке дейінгі үйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- мектепке дейінгі үйым тәрбиеленушілері арасында балалар спортын және физикалық дамыту;
- балалардың денсаулығының алдын-алу және нығайту;
- тәрбиеленушілердің сейлеу тілін түзету;
- мектепке дейінгі үйым тәрбиеленушілерінің коммуникативті қабілеттерін дамыту;
- мектепке дейінгі үйымдағы балалардың ақыл-ойын дамыту;
- мектепке дейінгі үйым балаларына арналған кезекші топ және демалыс күнгі топтар қызметі.

2.2. №69 «Еркем-ай» б/б-да қосымша ақылы қызметтер көрсету бойынша іс-шараларды үйымдастыру және жүргізу кезінде келесі жергілікті актілер болуы тиіс:

- қосымша ақылы қызметтердің Тарифтері;
- «Қосымша ақылы қызмет туралы» Ереже;
- қосымша ақылы қызмет көрсетуді үйымдастыру туралы бұйрық;
- №69 «Еркем-ай» б/б менгерушісімен бекітілген қосымша ақылы қызметтер туралы оқу жұмыс жоспары;
- қосымша ақылы қызметтер бойынша сабак кестесі;
- қосымша ақылы қызметтер көрсетуге арналған тапсырыс берушілермен жеке келісім-шарттары;
- білім беру процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірі ен денсаулығына жауапкершілікті алуы қарастырылған қызметкерлермен еңбек шарты;
- катысу табелі;
- қосымша ықылыштық қызметтер көрсету үшін қызметкерлердің жұмысқа қабылдау туралы бұйрық, онда жұмыс мерзімі, төлемақы, қызметкер жұмысқа қабылданған еңбек шартының нөмірі көрсетіледі;
- қызметтер үшін ата-аналарының (занды өкілдері) төлемақысы туралы құжаттар.

3. Қосымша ақылы қызметтерді көрсету тәртібі


3.1. Қосымша ақылы қызмет бойынша жалпы басшылық №69 «Еркем-ай» б/б менгерушісімен жүзеге асырылады.

- баланың ата-анасының (занды өкілдерінің) ҚАҚ-ке сұранысын зерттейді, олардың басымдықтарын белгілейді;
- қолданыстағы санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес ҚАҚ жүргізу үшін жағдай жасайды;
- ақылы қызметтерден түскен қаражат туралы ақпаратты талдайды;
- ҚАҚ жүзеге асыру үшін білікті кадрлармен қамтамасыз етеді;
- ҚАҚ жүзеге асыру үшін жауапты қызметкерлердің қабылдайды немесе тағайындалады, жалпы нұсқаулар береді, олардың қызметін тікелей басқаруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- тиімді ҚАҚ жүзеге асыру үшін №69 «Еркем-ай» б/б-ң барлық құрылымдарының өзара әрекет жасауын үйымдастырады;
- ҚАҚ үйымдастыру туралы бұйрық шығарып, оқу жұмыс жоспарын және сабак кестесін бекітеді;
- жеке және занды тұлғалармен еңбек катынасын рәсімдейді;
- тапсырыс берушілермен қосымша ақылы қызметтерді көрсету бойынша келісім-шарт рәсімдейді;
- №69 «Еркем-ай» б/б Жарғысына сәйкес, реттеуші қызметтерді жүзеге асырады.

- 3.2. ҚАҚ көрсете бойынша жұмыстарды жүргізуге №69 «Еркем-ай» б/б-н негізгі қызметкерлерімен қатар, басқа да мекемелер мен ұйымдардың мамандары тартылады.
- 3.3. ҚАҚ көрсете қосымша қызметтерді көрсете бойынша жасалған келісім-шартқа сәйкесжүзеге асырылады. Келісім-шарт жазбаша түрде екі данада жасалады да, бір данасы ата-анаға (занды «Еркем-ай» б/б) құқыктары мен міндеттері көрсетілуі тиіс.
- 3.4. Сабактың басталу уақыты №69 «Еркем-ай» б/б-н мүмкіндіктерімен анықталып, бюджет есебінен қаржыландырылатын негізгі сабак кестесіне дейін немесе кейін де қойылады.
- 3.5. Сабак оку жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Сабакты өткізу формасын педагог өз бетінше анықтайды.
- 3.6. Сабактың ұзақтығы ҚАҚ оку жұмыс жоспарымен анықталады және мектепке дейінгі балаларға академиялық сағат – 20 минуттан 35 минутқа дейін қарастырылады.
- 3.7. Ақылы қызметке қатысты барлық занды және қаржылық қатынастар келісім-шартпен реттеледі.

4. Каражаттарды алу және жұмсау тәртібі

- 4.1. ҚАҚ бойынша тарифтерін КР заннамасына сәйкес сметалар мен есептеулер негізінде Уәкілетті орган бекітеді. Ақылы қосымша қызметтердің есебін №69 «Еркем-ай» б/б есепшісі әзірлең, №69 «Еркем-ай» б/б менгерушісімен бекітіледі.
- 4.2. Тұтынушылардың ҚАҚ үшін төлемі тубіртектің берілген күнінен бастап 10 күн ішінде банк мекемелері арқылы жүзеге асырылады.
- 4.3. ҚАҚ өзін-өзі қамтамасыз ету негізінде ұсынылғандықтан ақылы қызметтерге женилдіктер қарастырылмайды.
- 4.4. Білім алушының себепсіз сабакқа келмеуі ҚАҚ төлемін азайтуға немесе босатуға негіз болмайды.
- 4.5. Орындаушының кінесінен сабактар (күнтізбелік мерекелерді қоспағанда) қосымша белгіленген уақытта өткізіледі.
- 4.6. №69 «Еркем-ай» б/б ақылы қызметтен түскен қаражатты өз қалауды бойынша енбекақы төлеуге және қосымша ақы төлеуге, материалдық ынталандыруға, іссапар шығындарын төлеуге, қажетті мүлік сатып алуға, кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамытуға, әмір мен денсаулығын қорғауға, Жарғы мен қолданыстағы Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да міндеттерге жұмсауға құқылы.
- 4.7. Педагог қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу ата-аналармен есеайрысыу актісіне сәйкес бухгалтерияға түскен қаражатқа (КР салық заннамасына сәйкес сактандыру жарналары мен қорларға салық төлемдерін қоса алғанда) пайызben жүзеге асырылады; педагогтың апталық жүктеме табелі бойынша ай сайын жүргізіледі.
- 4.8. ҚАҚ көрсете бойынша түскен кірістер келесідей бөлінеді:



5. Орындаушы мein тұтынушының жауапкершілігі

- 5.1. №69 «Еркем-ай» б/б қызметтерді тұтынушылар (ата-аналар, занды өкілдері) алдында міндеттемелерді толық көлемде орындауға (сағат саны, оку жоспарын жүзеге асыру), көрсетілетін

- кызметтердің сапасына, үдерістің қауіпсіз өту жағдайына, КР заңнамасында көрсетілген өзге де әрекеттерге жауапты.
- 5.2. №69 «Еркем-ай» б/б менгерушісі және жауапты тұлғаларға ҚАҚ жүзеге асырылуы бойынша жеке жауапкершілік міндеттеледі.
- 5.3. Тапсырыс берушінің (ата-аналар, занды өкілдері) жауапкершілігі келісім-шартпен анықталады.
- 5.4. Тұтынушы көрсетілетін ақылы кызмет үшін төлемді келісім-шартта көрсетілген тәртіпке сай және уақытылы төлеуге міндетті.

Астана қаласы әкімдігінің №69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚК-и Қосымша ақылы кызметтер туралы Ережесі «09 » 09 2024 ж. №124 Бұйрықпен бекітілген.